

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ереже;
- 2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен;
- 3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 N 904 қаулысымен.

4. Қоса беріліп отырған:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен;

2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен);

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.02 N 900 Қаулысымен;

4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен);

4-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен;

5) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен;

6) (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен)

7) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2011.08.02 N 900, 2012.01.13 № 34, 2012.12.29 N 1802 Қаулыларымен.

5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы заңдарына сәйкес 2019 жылғы 11 сәуірде қолданысқа енгізілетін Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 140-3), 140-4), 140-5), 140-6), 140-7), 140-8) және 140-9) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 19.03.2019 № 131 қаулысымен.
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
№ 1120 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 835 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі –Министрлік) мынадай салаларда басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады:

- 1) заң жобалау жұмысын жүргізу, заңнаманы жетілдіру;
- 2) халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру;
- 3) сот-сараптама қызметі;
- 4) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;
- 5) заң көмегін ұйымдастыру және көрсету, құқықтық насихат;
- 6) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- 7) атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету.

1-1. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті.

Ескерту. 1-тарау 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және өз атауы қазақ тілінде жазылған мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Министрліктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұған уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, "Есіл" ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй.

9. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда одан алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) жалпы мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға, үйлестіруге қатысу, сондай-ақ заң жобалау жұмысын жүргізу, Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу, заң жобалары бойынша ғылыми құқықтық, ғылыми

лингвистикалық сараптамалар, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді ұйымдастыру арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің орнықты және дәйекті дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу;

1-1) әділет органдарының қызметін автоматтандыру;

2) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген құжаттар бойынша реттеушілік әсерге талдау жүргізу;

3) Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және әлемдік қоғамдастықта республиканың беделін нығайту мақсатында оның халықаралық аренадағы қызметін, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындау және жасасу арқылы құқықтық қамтамасыз ету;

4) коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері мен тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;

5) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

6) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, заң көмегін ұйымдастыру және көрсету, құқықтық насихат саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

7) сот-сараптама қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

8) зияткерлік қызмет құқықтарын қорғау және сақтау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

9) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асыру;

10) атқарушылық құжаттарды орындау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 513; 17.10.2024 № 856 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.01.2026 № 61 қаулыларымен.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

заң жобасын енгізу мерзімін бұзуға жол берген, Үкіметтің заң жобалау жұмыстары жоспарында көрсетілген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу;

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тапсырмаларын, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажеттігі туралы ұсыныстар енгізу;

сотқа жүгіну;

әкімшілік іс жүргізуді қозғау, сондай-ақ басшылықтың қарауы үшін әкімшілік іс жүргізу бойынша қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асыру;

өз құзыретінің мәселелері бойынша шет мемлекеттердің әділет министрліктерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаның сегізінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ақпараттық қауіпсіздік саласында қажетті қосымша ақпарат алу үшін тиісті мемлекеттік органдарға сұрау салып жүгіну;

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау және қарау;

азаматтар мен заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау кезінде жүйелі қателіктерді анықтау үшін талдау жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) заң жобалау жұмысын жүргізу, заңнаманы жетілдіру;

2) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстарды орнату және қолдау;

2-1) әділет саласында жасанды интеллектіні ендіру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шет мемлекеттермен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарды дайындау, жасасуды және орындауды ұйымдастыру;

4) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру, біріздендіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында Қазақстан

мойындаған халықаралық нормаларды имплементациялау мәселелері бойынша талдау жүргізу;

5) құзыретті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша шетелдік инвесторлармен сот және төрелік талқылауларға бастама жасау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасатын халықаралық шарттар, нормативтік құқықтық актілер, инвестициялық келісімшарттар жобаларының, Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын қарыз шарттарының заңдық сараптамасы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету;

8) халықаралық шарттардың талаптарын іске асыруды қамтамасыз ету;

9) заң жобалау жұмысы, заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын әзірлеу;

9-1) Үкіметтің заңнамалық бастамасы шеңберінде дайындалатын қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу;

10) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың заңнама саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен заң жобаларын әзірлейтін орталық мемлекеттік органдардың заң жобалау жұмысын үйлестіру;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама, заңдардың жобалары мен Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми құқықтық, ғылыми лингвистикалық сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру;

12) өз қызметі саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану практикасын, оның ішінде "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелерін талдау мен қорыту және оны жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу;

13) Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14) тармақша жана редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14) құқықтық ақпараттандыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесін жүргізу;

14-1) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының нормативтік құқықтық актілерін, мәслихаттардың, әкімдіктердің, әкімдердің және ревизиялық комиссиялардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу;

15) заң қызметтерінің нарығын талдау, мүдделер қақтығысын болғызбау мақсатында әлеуетті консультанттар тізбесін қалыптастыру;

16) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 513 қаулысымен.

17) орталық атқарушы органдардың заң қызметтерінің жұмысын үйлестіру және әдістемелік басшылық жасау, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының заң қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан шетелдік контрагенттермен шетелдік төрелікті тараптар арасындағы дауларды шешудің тәсілі ретінде пайдалана отырып, айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерін құрайтын сомаға жасалатын шарттардың жобаларын қарау және оларға ұсынымдарды беру;

19) мемлекеттік сатып алу жүргізуді ұйымдастыру;

20) өз құзыреті шегінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыру саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қабылдау;

21) заңнамаға түсіндірме беруге, уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін дауларды шешу жөніндегі келіссөздер процестеріне қатысу;

22) адам мен азаматтың, ұйымдар мен мемлекеттердің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау;

23) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасы және ақпараттық сүйемелдеу мен түсіндіру бағдарламасының жобасы бойынша заң сараптамасының нәтижелерін қамтитын Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнамалық бастамасы тәртібімен әзірленген заң жобасы бойынша қорытынды беру;

24) заң жобалау, сараптама, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және консультацияларды жүзеге асыруға осы мақсаттарда бюджеттік және өзге де қаражатты пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мамандары мен сарапшыларын, оның ішінде шетелдік мамандар мен сарапшыларды тарту;

25) төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелікке (сотқа) дейінгі реттеу процесінде мемлекеттің мүдделерін қорғауды және білдіруді қамтамасыз ету;

26) Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның ішінде мемлекеттік органдарға сот және төрелік наразылықтарды беру себептерін талдау;

27) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау және мемлекет мүдделерін қорғау жөнінде уақтылы шаралар қабылдау;

27-1) төрелік қызмет саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

27-2) құқық қолдану практикасын талдау және төрелік туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде ғылыми-әдістемелік және заң көмегін көрсету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

29) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

30) халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің сот тапсырмалары мен өтінішхаттарын орындау;

31) Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде белгіленген тәртіппен азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін, сондай-ақ қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қоюмен жүгіну;

32) бақылау және қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша ақпарат ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

33) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33) әділет органдарының ақпараттық қауіпсіздікті сақтауын қамтамасыз ету;

34) құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарға анықтамалық-ақпараттық жұмыста көмек көрсету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35) құқықтық ақпараттандыруды қамтамасыз ету, "Е-заңнама" ("Е-законодательство") ақпараттық жүйесін жүргізу;

36) орталық мемлекеттік органдарда және олардың ведомстволарында, мәслихаттарда және олардың аппараттарында, әкімдіктерде, әкімдер аппараттарында, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларында әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, мемлекеттік тіркеуді, олардың күшін жоюды және

нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау саласындағы бақылау;

37) мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілеріне қатысты, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, әкімдердің олар қолданатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес жариялануы міндетті, бірақ белгіленген тәртіппен жарияланбаған нормативтік құқықтық актілеріне қатысты, әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін нормативтік құқықтық актілеріне қатысты және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізу;

38) төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелік (сотта) реттеуге дейінгі процесте мемлекет мүдделерін қорғау және білдіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын шетелдік заң консультанттарының жұмысын үйлестіру;

39) халықаралық төрелік институтының төрешілер мен медиаторлар панеліне кандидаттарды іріктеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

40) ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

41) мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруды, қолжетімділігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізу;

42) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

43) мемлекет кепілдік берген заң көмегінің барлық түрлері бойынша бюджеттік бағдарламаларды әкімшілендіру;

44) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру;

45) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау;

46) реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау;

47) ашық НҚА интернет-порталында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру және жария талқылау тәртібін әзірлеу және бекіту;

48) Министрліктің даму жоспарын әзірлеу және бекіту;

49) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау, сондай-ақ өтініш иелері көтерген жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

49-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде өз құзыреті шегінде петицияларды қарау;

50) эталондық заңнамалық актілерді және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және анықтамалық-әдістемелік материалдарды, оның ішінде бірыңғай құқықтық ақпараттық жүйені пайдалана отырып шарттық негізде беру;

51) құқықтық насихатты ұйымдастыруды ведомствоаралық үйлестіру, заңнаманы түсіндіруге қатысу;

52) "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленетін заң жобаларын және қабылданған заңдарды ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен келісу;

53) нормативтік құқықтық актілерді құқықтық мониторингтеу жөніндегі уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру;

54) заңнамаға сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету;

55) мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылауды жүзеге асыру;

56) жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;

57) жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешім қабылдау, сондай-ақ "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша жеке сот орындаушыларының лицензияларынан айыру туралы талап қоюға бастама жасау;

57-1) Қазақстан Республикасының жеке сот орындаушылары лицензияларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

58) өз құзыреті шегінде жеке сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылауды жүзеге асыру;

58-1) жеке сот орындаушысының Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ықтимал бұзуы тұрғысынан атқарушылық іс жүргізуге "Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі" цифрлық жүйе арқылы мониторинг жүргізу;

59) атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқаулық және түсіндіру материалдарын әзірлеу;

60) мемлекеттік органдармен жеке сот орындаушыларын жария тізілімдер мен электрондық дерекқорларға қосу туралы шарттар жасасу;

61) тыйым салынған мүлікті өткізу бойынша бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңын таңдауды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

61-1) Бірыңғай электрондық сауда алаңы операторының қызметін бақылауды жүзеге асыру;

62) сот орындаушылары қаулыларының үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

- 63) жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есеп пен жиынтық есеп нысанын әзірлеу және бекіту;
- 64) жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуі туралы келісім нысанын әзірлеу және бекіту;
- 65) алименттер мен жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша мәжбүрлеу шараларын қабылдауға байланысты жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу қағидаларын және мөлшерін бекіту;
- 66) жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайының орналасқан жеріне және жабдықталуына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 67) тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысының қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттарын белгілеу;
- 68) жеке сот орындаушыларының куәлігі мен жеке мөрінің үлгілерін әзірлеу және бекіту;
- 69) жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 70) жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін бекіту;
- 71) жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 72) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссияның ережесін әзірлеу және бекіту;
- 73) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 513 қаулысымен.**
- 74) тыйым салынған мүлікті өткізудің, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізудің қағидаларын бекіту;
- 75) ата-ана алатын және алименттер ұсталатын жалақы және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін бекіту;
- 76) жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 77) жеке сот орындаушыларының іс жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 78) жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының өз қызметі туралы ақпарат беру нысаны мен мерзімдерін бекіту;
- ЗҚАИ-ның ескертпесі!**
- 79) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**
- 79) атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында бөлу тәртібін айқындау;
- 80) мемлекеттік сот орындаушыларының нысанды киімінің (погонсыз), жетоны мен эмблемасының үлгілерін бекіту;

81) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік сот орындаушыларын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

82) атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесін бекіту;

83) Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомаларын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу қағидаларын белгілеу;

84) халықаралық, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындау саласында шет мемлекеттердің атқарушылық іс жүргізу қызметтерімен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

85) заңнамада белгіленген тәртіппен зияткерлік меншік құқықтарын өзара қорғау туралы халықаралық шарттарды дайындауға және жасасуға, мұндай шарттарға қол қоюға қатысу;

86) зияткерлік меншік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық шарттардың және келісімдердің нормалары мен ережелерін іске асыру;

87) зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыстарға қатысу;

88) топологияларды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, автор куәліктерін беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

89) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

90) өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

91) тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдерінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

92) топологияларға айрықша құқық беруді, оларды пайдалануға құқықты табыстауды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

93) селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

94) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

95) тауар белгісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға құқықты табыстауды Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

96) Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың, тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

97) селекциялық жетістіктерді, өнеркәсіптік меншік объектілерін, тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, тауарлар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге қатысты мәліметтерді және тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

98) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, тауар белгілеріне арналған өтінімдерді қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

99) топологияларды тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

100) селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

101) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, тауар белгілеріне, географиялық нұсқамаларға, тауарлар шығарылған жерлердің атауларына, топологияларды тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

102) авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеу бойынша қызметті ұйымдастыру;

103) құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу;

104) патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде (тізілімдерінде) тіркеу және оған (оларға) өзгерістер енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

105) патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметі мәселелері жөніндегі комиссия, апелляциялық кеңес, апелляциялық комиссия, тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережелерді әзірлеу және бекіту;

106) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің, апелляциялық комиссияның және тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастыру;

107) апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

108) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

108) заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың қызметін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін, тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауын пайдалануды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

109) патенттік іс саласындағы сараптаманы және авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның қызметін бақылауды жүзеге асыру;

110) зияткерлік меншікті сақтау мен қорғау саласындағы қызметті ведомствоаралық үйлестіруді және осы саладағы уәкілетті органдарға, сондай-ақ мүдделі ұйымдарға әдістемелік көмек көрсетуді жүзеге асыру;

111) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

112) уәкілетті органдар мен ұйымдардың осы саладағы заңнаманы сақтауын және халықаралық шарттарды орындауын қоса алғанда, олардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруының мониторингі;

113) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға, тауарлар шығарылғын жерлердің атауына қорғау құжаттарын беруге арналған өтінімдерге сараптама жүргізу жөніндегі қызметті ұйымдастыру, тиісті мемлекеттік тізілімдерді жүргізу, қорғау құжаттарын беру және оларды күшінде ұстап тұру жөніндегі шараларды, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асыру;

114) туындыны авторлық сыйақысын төлеп, автордың келісімінсіз жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақы мөлшерін, оны жинау, бөлу және төлеу қағидаларын бекіту;

114-1) мәдениет, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау салаларындағы мүдделі уәкілетті органдармен келісу бойынша туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін бекіту;

114-2) мәдениет, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау салаларындағы мүдделі уәкілетті органдармен келісу бойынша орындаушылар мен фонограмма жасаушыларға сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін бекіту;

114-3) туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

114-4) орындаушылар мен фонограмма жасаушыларға ең төмен сыйақы мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

114-5) аккредиттеу жөніндегі комиссияның құрамын және ол туралы ережені, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарға аккредиттеу жүргізу қағидаларын, оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

114-6) құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы бірыңғай цифрлық платформаны басқару және оның пайдаланылуына бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсыну қағидаларын бекіту;

114-7) жиналған, бөлінген, төленген сыйақы, сондай-ақ құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның шығыстарын жабуға бағытталған сыйақы туралы мәліметтерді бірыңғай цифрлық платформаға енгізу қағидалары мен нысанын бекіту;

114-8) тауар белгісін немесе тауар белгісі ретінде пайдаланылатын белгілемені Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі ретінде тану қағидаларын бекіту;

114-9) патенттік сенім білдірілген өкілдер қызметінің мәселелері жөніндегі комиссияның шешімдеріне шағымдарды қарау қағидаларын бекіту;

114-10) көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және шаралар қабылдау;

115) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу қызметіне әдістемелік басшылық жасау;

116) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының жылжымайтын мүлкіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

117) аумақтық әділет органдарының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы талаптарының орындалуын бақылау;

118) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.06.2023 № 513 қаулысымен.

119) нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, азаматтық хал актілерін тіркеуді бақылауды жүзеге асыру және тиісті дерекқорлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

120) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 қаулысымен;

121) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

122) Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның агенттікті аккредиттеу туралы шешімін келісу;

123) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, күшін жою және азаматтық хал актілерін қалпына келтіру тәртібін әзірлеу және бекіту;

124) акт жазбаларының, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің және анықтамалардың электрондық нысандағы және қағаз жеткізгіштегі нысандарын бекіту;

125) некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініштер, некеге құқық қабілеттілігі туралы, қайтыс болу туралы анықтамалар нысандарын белгілеу;

126) коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;

127) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

128) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғаны анықталған жағдайда "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына бұзушылықтарды жою туралы ұсыну жіберу;

129) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу бойынша тіркеуші орган іске асыратын қызметтердің монополияға қарсы органмен келісу бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның шешімімен белгіленетін бағаларын келісу;

130) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың үлгілік жарғысының мазмұнын айқындау;

131) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар нысанын белгілеу;

132) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалды (өкілдіктерді) есептік тіркеу (қайта тіркеу), жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініштер нысанын белгілеу;

133) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру туралы өтініш нысанын белгілеу;

134) заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу, филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы өтініштер нысанын белгілеу;

135) ішкі істер органымен бірлесіп сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау, жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту;

135-1) бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидаларын бекіту;

136) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды және жүргізуді орталықтандырылған жүзеге асыру және тіркеуші органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелерге олар жүгінген кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей ақпарат беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бақылау және қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдарға олардың сұрау салуы бойынша ақпарат беру;

137) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;

138) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

139) құқықтық кадастрды қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрға қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

140) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

141) жылжымайтын мүлікке құқықтарды, оның ішінде жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркегені және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарағаны үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын келісу;

141-1) арнайы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаларды монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;

141-2) арнайы құқық субъектісі жүзеге асыратын жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысқан қызмет түрлерінің тізбесін монополияға қарсы органмен келісу бойынша бекіту;

142) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

143) өз құзыреті шегінде "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау рәсімдерін жүргізуді үйлестіру;

144) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.01.2026 № 61 қаулысымен;

145) жылжымайтын объектілерді мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

145-1) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының нысанын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

145-2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

145-2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесін жүргізу және пайдалану тәртібін әзірлеу және бекіту;

146) құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

147) құқықтық кадастрдан ақпарат беру тәртібін айқындау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

148) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

148) құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу тәртібі мен мерзімдерін, жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама объектілеріне кадастрлық нөмір беру тәртібін, сондай-ақ құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу үшін міндетті мәліметтер нысанын, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының нысанын айқындау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

149) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

149) жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтардың ауыртпалықтарын) электрондық тіркеу тәртібін айқындау;

150) Қазақстан Республикасында құқықтық кадастрда жүйелі тіркеуді жүргізу мерзімдері мен тәртібін айқындау;

151) аумақтық әділет органдарының нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсетуі саласында заңдылықты ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша қызметіне басшылық жасауды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

152) мемлекеттік нотариат кеңселерінің қызметіне басшылық жасау, жеке нотариаттың дамуына жәрдемдесу, жасалатын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығы мен мемлекеттік және жекеше нотариустардың іс жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;

153) өз құзыреті шегінде нотариат қызметін реттеуді жүзеге асыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

154) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

154) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

155) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

155) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерін жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

156) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

156) бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысанын әзірлеу және бекіту;

157) Қазақстан Республикасының архивтер және құжаттаманы басқарушы уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

158) нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

158-1) жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін әзірлеу және бекіту;

159) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарын аттестациялау туралы ережені әзірлеу және бекіту;

160) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

161) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 қаулысымен;

162) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауды және байқау түрінде аттестаттауды өткізудің тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

163) тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарын бекіту;

164) нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені келісу;

165) нотариустардың тағылымдамадан өтушілері ретінде тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені келісу;

166) нотариустың үй-жайына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

167) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

167) нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің (оның ішінде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің электрондық тізілімінің), нотариаттық куәліктер мен қаулылардың, мәмілелердегі және куәландырылатын құжаттардағы куәландыру жазбаларының нысандарын әзірлеу және бекіту;

168) нотариат мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқаулық және түсіндіру материалдарын әзірлеу;

169) аумақтық әділет органының аумақтық нотариаттық палатамен бірлесе отырып берген ұсынымдарының негізінде әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустардың ең аз санын бекіту;

170) нотариустың тағылымдамадан өтушілері ретінде тағылымдамадан өту үшін ақы төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

171) нотариустардың қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;

172) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны тоқтата тұру, күшін тоқтату және қайта бастау туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ нотариустарды лицензияларынан айыру туралы талап қоюларына бастама жасау;

173) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешімді лицензиардың интернет-ресурсында орналастыру;

174) Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізу, сондай-ақ лицензиялар берілген адамдар туралы мәліметтерді интернет-ресурста орналастыру;

175) Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізу, тізілім мәліметтерін, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың тізімдерін және адвокаттардың лицензияларын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру және қолданысын тоқтату туралы мәліметтерді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз ету;

176) адвокаттардың қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;

176-1) тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау мен байқау түрінде аттестаттаудың тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

177) адвокаттардың, нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, заң консультанттарының жеке және заңды тұлғаларға көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегінің сапасын бақылауды жүзеге асыру;

178) адвокат, заң консультанты көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегіне және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын және ақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

178-1) мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу құқығын растайтын құжаттардың тізбесін бекіту;

- 179) адвокат, заң консультанты көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тәртібін бекіту;
- 180) заң консультанттары палаталарының қызметін бақылауды жүзеге асыру;
- 181) заң консультанттары палатасының үлгілік жарғысын әзірлеу және бекіту;
- 182) заң консультанттары палаталарының тізілімін жүргізу;
- 183) Қазақстан Республикасының қаржылық реттеудің уәкілетті органымен келісу бойынша заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;
- 184) Қазақстан Республикасының қаржылық реттеудің уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттардың кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;
- 185) заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;
- 186) мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету;
- 187) мемлекет кепілдік берген көрсетілетін заң көмегінің сапасын бақылауды жүзеге асыру;
- 188) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;
- 189) заң көмегін көрсету стандарттарын келісу;
- 190) заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын келісу;
- 191) заң көмегін көрсету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 192) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін адамдардың қызметін үйлестіру;
- 193) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасына, заң көмегін көрсету көлемінің толықтығы мен сапасына мониторинг жүргізу;
- 194) халыққа заң көмегін көрсететін адамдар, заң көмегін көрсету тетіктері, негіздері мен шарттары туралы құқықтық ақпарат беруді қамтамасыз ету;
- 195) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетудің жүйесі және негізгі қорытындылары туралы ақпараттың жылына кемінде бір рет Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануын және өзінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз ету;
- 196) әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеуден және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою;
- 197) сот-сараптама қызметі саласында лицензиялауды жүзеге асыру;
- 198) сот сарапшысы біліктілігін беру;

199) сот сараптамасы органдары көрсететін сот-сараптама қызметтерінің бағаларын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

200) сот сараптамасы органының бірінші басшысының ұсынуы бойынша сот сараптамалары органының штат кестесін және құрылымын келісу;

201) сот сараптамаларын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарды іріктеу, даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

202) мемлекеттік сот-сараптамалық ұйымдарды материалдық техникалық қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

203) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

203) сот сараптамасы саласында электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді жасау және олардың жұмыс істеуін, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қолжетімділігін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

204) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі біліктілік беретін сот сараптамалары мен сараптамалық мамандықтар түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

205) сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

206) сот сараптамасы объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

207) сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

208) сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтерін әзірлеу және бекіту;

209) сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізудің құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

210) сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидаларын әзірлеу және бекіту;

211) сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

212) Қазақстан Республикасы Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

213) Қазақстан Республикасы Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

- 214) сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 215) сот сарапшыларының біліктілік даярлығы қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 216) Сот сарапшысы біліктілігін беру қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;
- 217) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 қаулысымен;
- 218) Сот сарапшыларын аттестаттау қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту ;
- 219) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 қаулысымен;
- 220) сот сарапшыларын аттестаттау;
- 221) сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 222) Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 223) Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 224) сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;
- 225) сот сарапшысының әдеп кодексін әзірлеу және бекіту;
- 226) сот сарапшылары кадрларын іріктеу және орналастыру;
- 227) сот сараптамасы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;
- 228) жетекшілік ететін салалардағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және енгізуді жүзеге асыру;
- 229) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сот-сараптама қызметі аясындағы ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;
- 230) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын және сот-сараптама қызметі саласындағы ұлттық стандарттау жоспарын қарау;
- 231) сот-сараптама қызметі саласында стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;
- 232) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, сот-сараптама қызметі саласындағы стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;
- 233) сот-сараптама қызметі саласында өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- 234) лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;
- 234-1) сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіби стандартты әзірлеу және бекіту;

235) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер хаттамаларын жасау және оларды қарау, әкімшілік жазалар қолдану;

236) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

236-1) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемдері жөнінде ұсыныстар енгізу;

236-2) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында ұйымдардың жұмылдыру дайындығын жоспарлау, ұйымдастыру және оған басшылық ету, Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүргізу;

236-3) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасу, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстар енгізу;

236-4) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындық жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

236-5) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға беру;

236-6) әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;

236-7) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұйымдарды соғыс жағдайы режиміне көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

236-8) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және (немесе) бекіту ;

236-9) жұмылдыру жоспарларын әзірлеу және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

236-10) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысу;

236-11) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемдерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

236-12) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдерін қалыптастыру үшін тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдардың қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақты 236-13), 236-14) және 236-15) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 06.04.2026 № 223 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

236-16) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне гуманитарлық көмек көрсету үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы ұсыныстар енгізу;

236-17) мемлекеттік материалдық резерв және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша қарыз алу тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешімдер қабылдау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақты 236-18) және 236-19) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 06.04.2026 № 223 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

236-20) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен сақтау көлемдеріне сәйкес жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын беруге тапсырыстарды орналастыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақты 236-21), 236-22), 236-23, 236-24), 236-25) және 236-26) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 06.04.2026 № 223 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

237) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындаудың және қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңіне арналған жоспарын әзірлеуге қатысу;

238) республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша жүргізілетін талдамалық, консалтингтік, әлеуметтанулық және өзге де зерттеулердің бірыңғай дерекқорын, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

239) Министрлік қабылдаған және (немесе) өзі әзірлеуші болып табылатын не өзінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау;

240) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдер тізбелерін бекіту;

241) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісімдердің жобаларына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан құқықтық сараптама жүргізу;

241-1) инвестициялар туралы келісімдердің жобаларына құқықтық сараптама жүргізу;

242) өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және өзін-өзі реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу;

243) реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру;

244) тиісті салада (аяда) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;

245) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың ережелері мен стандарттарын келісу;

246) патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау, оларды патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінде тіркеу, патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінен шығару, патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміндегі мәліметтерді жою;

247) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауарлар шығарылған жерлердің атауларына, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қорғау құжаттарын беруге арналған өтінімдерді тіркеу жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

248) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын пайдалануға лицензиялық шарттарды, ашық лицензияларды және қорғау құжаттарын басқаға беру шарттарын тіркеу жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

249) Еуразиялық экономикалық одақ органдары актілерінің жобаларына, халықаралық экономикалық интеграция мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне олардың Еуразиялық экономикалық одақ құқығына сәйкестігі тұрғысынан заң сараптамасын жасау және оларды келісу;

250) халықаралық сот органдарының мемлекеттік органдарға келіп түскен сұрау салуларын қарау, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар бастама жасаған халықаралық сот органдарына жолданымдардың жобаларын келісу;

251) Еуразиялық экономикалық одақ Сотының сұрау салуына шоғырландырылған жауапты келісу;

252) уәкілетті мемлекеттік органдар бастама жасаған Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жолданымдардың жобаларын келісу және оларды одан әрі

дипломатиялық арналар арқылы Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жіберу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсыну;

253) қоныс аудару (қоныстандыру), бұзу, баламен қарым-қатынас жасау тәртібі туралы атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындау және баланың тұрғылықты жерін айқындау;

254) лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

255) жеке сот орындаушысының лицензиясы берілген тұлғалар туралы мәліметтерді олардың тегін, атын, әкесінің атын (егер олар жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лицензия берілген күнді және оның нөмірін көрсете отырып, мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз ету;

256) заң консультанттарының палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге заң консультанттарының қатысу тәртібін айқындау;

256-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

256-2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

256-3) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат беру;

256-4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

256-5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

256-6) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

256-7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

256-8) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақты 258-1) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 10.04.2026 № 254 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

258-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес жасанды интеллектінің ұлттық платформасының операторына деректерге қолжетімділік беру;

258-3) деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес дерекнамаларды қалыптастыру;

256-9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

256-10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;

256-11) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;

257) саяси партия құру жөніндегі азаматтардың бастамашыл тобының, саяси партия мүшелерінің тізімдерінің дұрыстығын тексеру қағидаларын бекіту;

258) әділет органдарының цифрлық трансформациясын жүргізу;

259) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес қызметке функционалдық талдауды жүргізу;

260) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларын бекіту;

261) мемлекеттік органдардың үлгілік функцияларын айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту;

262) әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін бекіту;

263) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

264) құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;

265) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидаларын және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін қалыптастыру, сондай-ақ оған мәліметтер енгізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

266) мемлекеттік жоспарлау салаларындағы уәкілетті органмен бірлесіп ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ ғылыми сарапшыларды іріктеу қағидаларын бекіту;

267) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін мемлекеттің ынталандыру қағидаларын бекіту;

268) туу туралы куәліктердің үлгісін, ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін бекіту;

269) туу туралы куәлікті қорғауға қойылатын талаптарды бекіту;

270) заңнамалық актілердің уақытылы іске асырылуын, оның ішінде заңға тәуелді актілердің әзірленуі мен қабылдануын бақылау;

271) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.01.2026 № 61 қаулысымен;

272) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосқаны үшін наградалардың тізбесі мен сипаттамасын, награда парағының нысанын бекіту;

272-1) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

272-2) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жіберу;

272-3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;

272-4) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша ұсыныстар енгізу;

272-5) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу және бекіту;

272-6) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге байланысты Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қорытынды шешімдерін орындау жөніндегі қызметін үйлестіру;

273) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.12.2022 № 1082 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.05.2023 № 397; 29.06.2023 № 513; 04.09.2023 № 764 (04.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.09.2023 № 835; 02.08.2024 № 624; 17.10.2024 № 856 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.03.2025 № 170; 31.01.2026 № 61; 06.04.2026 № 223; 10.04.2026 № 254 қаулыларымен.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Министрлікке басшылық жасауды Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

16. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

17. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

18. Министрліктің бірінші басшының өкілеттіктері:

1) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастарының мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Министрлік қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдардан босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлеріне тәртіптік жазалар мен көтермелеу шараларын қолданады, өзінің құзыретіне жатқызылған еңбек қатынастары мәселелерін шешеді;

3) бұйрықтарға қол қояды;

4) барлық мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;

5) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

6) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

7) мемлекеттік органның бірінші басшысының құрылымдық бөлімшелердің жекелеген басшыларына ұйымдық-техникалық сипаттағы құжаттарға қол қою құқығын беру, сондай-ақ мемлекеттік органның ведомство аралық кеңестерге қатысуымен өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін белгілейді.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

19. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының (вице-министрлерінің) өкілеттіктерін айқындайды.

20. Министрліктің аппаратын аппарат басшысы басқарады.

4-тарау. Министрліктің мүлкі

21. Заңнамада көзделген жағдайларда Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Министрліктің, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің және оның ведомствосының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.01.2026 № 61 қаулысымен.

1. Министрлік:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Министрліктің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Абай облысының әділет департаменті.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақмола облысының әділет департаменті.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысының әділет департаменті.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Алматы облысының әділет департаменті.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Алматы қаласының әділет департаменті.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Атырау облысының әділет департаменті.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының әділет департаменті.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жамбыл облысының әділет департаменті.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жетісу облысының әділет департаменті.

10. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қарағанды облысының әділет департаменті.

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қызылорда облысының әділет департаменті.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының әділет департаменті.

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Маңғыстау облысының әділет департаменті.

14. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Астана қаласының әділет департаменті.

15. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Павлодар облысының әділет департаменті.

16. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті.

17. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Түркістан облысының әділет департаменті.

18. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ұлытау облысының әділет департаменті.

19. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті.

20. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Шымкент қаласының әділет департаменті.

21. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

22. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

23. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

24. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

25. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

26. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

27. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

28. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

29. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

69. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
70. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
71. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
72. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
73. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
74. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
75. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
76. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
77. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
78. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.
79. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2024 № 552 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 28 қазандағы

№ 1120 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің
ТІЗБЕСІ**

Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 28 қазандағы

№ 1120 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
қарамағындағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 28 қазандағы

№ 1120 қаулысымен

бекітілген

*Ескерту. Ереже тізбемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.13 № 34
Қаулысымен.*

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің
аумақтық органдары — мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.22 № 653 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02 N 454 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік
қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет
көрсетуді ұйымдастыру комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару
жүйесі комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік
мекемелерінің тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.02 N 900 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.02 N 900 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Тіркеу қызметі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Тіркеу қызметі комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік құқығы комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік құқығы комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік құқығы комитетінің
қарауындағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1802 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1120 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 63-құжат).

2. "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 487 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 15, 159-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 және 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 733 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 27, 250-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 771 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 27, 260-құжат).

5. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Ақмола облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 906 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағының 2) және 3) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1301 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 403-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қарашадағы N 1695 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 50, 490-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 ақпандағы N 163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 66-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң шығару институты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 ақпандағы N 314 қаулысының 4-тармағы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 маусымдағы N 852 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 25, 295-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Біліктілікті арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1278 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 435-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 1295 қаулысының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 439-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 151 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 45-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 411 қаулысының 2-тармағы және 7-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001ж., N 12, 139-құжат).

16. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 494 қаулысының 3-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 14, 174-құжат).

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 маусымдағы N 824 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 23, 284-құжат).

18. "Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қарашадағы N 1389 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4 және 5-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 39, 490-құжат).

19. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1750 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 588-құжат).

20. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1755 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағының 1), 2) тармақшалары және 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 590-құжат).

21. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі N 461 қаулысының 1-тармағының бесінші және алтыншы абзацтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 12, 122-құжат).

22. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті мемлекеттік кәсіпорындарының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 596 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы.

23. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 639 қаулысының 7-тармағы.

24. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 және 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1755 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 644 қаулысының 1-тармағы, 2-тармағының екінші және үшінші абзацтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 17, 187-құжат).

25. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 тамыздағы N 939 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 28, 316-құжат).

26. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 қарашадағы N 1270 қаулысының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 43, 431-құжат).

27. "Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының Күзет және қадағалау бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 731 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 30, 296-құжат).

28. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1369 қаулысының 2-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 49, 556-құжат).

29. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Астана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Көкшетау" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 14 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы.

30. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 22 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 1, 13-құжат).

31. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 260 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2 және 4 тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 11, 138-құжат).

32. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай заң институты" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі N 806 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 28, 373-құжат).

33. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 843 қаулысының 6-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы 2004 ж., N 29, 394-құжат).